

**«8D05110 – Вирусология» білтім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Абай Жандос Сайлаубекұлының «Ірі қара малдың туберкулезіне қарсы векторлық вакцина жасау технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына реєсі**

#### **РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сыйзу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негізде (ескертуді күрсивлен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындагы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс AP09259683 «Ірі қара мал туберкулезінің алдын алу үшін векторлық вакцинаны өндіру технологиясын әзірлеу» 2021-2023 жж. гранттық қаржыландыру жобасы аясында орындалған.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган.	<p>Ізденушінің қол жеткізген нәтижелері отандық ғылымға және ауылшаруашылық өнеркәсібіне елеулі үлесін қосады және маңыздылығы тольктай айқындалған. Атап айтса, ғылыми ізденістер нәтижесінде ірі қара мал туберкулезінің алдын алатын жана буын препараты жасалды. Тұмай векторы негізінде туберкулезге қарсы векторлық вакцинаны өндіру технологиясы әзірленді.</p>

			Vакцина бойынша нормативтік-техникалық құжаттамалар: ірі кара мал туберкулезіне қарсы векторлық вакцинаны өндіру және бақылау жөніндегі нұсқаулық»; Вакцинаның сапасын бақылауга арналған үйым стандарты (СТ 405-1919-04 ГП-146-2023); Вакцинаны қолдану жөніндегі нұсқаулық әзірленді.	
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) езі жазбаган.</p>	<p>Өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертацияғының мемлекеттік тілде жазылған. Диссертациялық жұмыстың мәтініндегі сөздер, сөйлем күрауы, жазылу стилі, ғылыми терминдер сауатты, бірі-біріне байланыса жазылған.</p>	
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Негізделген. Ирі кара мал туберкулезі – <i>Mycobacterium bovis</i> (<i>M. bovis</i>) микобактериясы тудыратын ірі кара малдың (ІҚМ) созылмалы жұқпалы ауруы. Сонымен қатар ІҚМ туберкулезі зооноздық қабілетке ие, яғни белгілі бір жағдайда жануарлардан адамға табиғи жолмен берілі қаупін тудырады. Ирі кара мал шаруашылығы Қазақстанның мал шаруашылығы секторының маңызды саласы болып табылады. Сондыктan ІҚМ денсаулығына елеулі әсерін, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік салдарын ескере отырып, Қазақстанда ІҚМ туберкулезін зерттеу өзекті мәселе болып қала береді. Оның ішінде індettі дауалауға мүмкіндік беретін жаңа препараттарды әзірлеу, індettің ушығып кетуіне жол бермей, індette қарсы эпизоотиялық іс-шаралардың тиімділігін арттыратыны сөзсіз.</p> <p>Жоғарыда айттылғандарды ескере отырып, диссертациялық жұмыстың нәтижесінде тұмай векторы негізінде туберкулезге қарсы векторлық вакцинаны өндіру технологиясы әзірленді. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі тольғымен ашылған.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) айқындайды;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындаамайды.</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды, атап айтқанда, Қазақстан Республикасында алғаш рет молекулалық биология мен гендік инженерияның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, ірі кара туберкулезіне қарсы жаңа векторлық вакцина өндіріліп, сынақтан өткізілген.</p>

	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	Сәйкес келеді. Жұмыстың негізгі мақсаты – микобактериялық акуыздарды экспрессиялайтын рекомбинантты тұмау вирустары негізінде ірі қара мал туберкулезіне қарсы жаңа векторлық вакцинаны жасау технологиясын өзірлеу. Осы мақсатқа жету үшін алға койылған міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді.	
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	Толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен ережелері өзара логикалық байланысқан, яғни, <i>Mycobacterium bovis</i> -тің иммунодоминантты акуыздарын экспрессиялайтын рекомбинантты тұмау векторларын құру, ИКМ туберкулезіне қарсы векторлық вакцина өзірлеу технологиясын жасау және өзірленген вакцинаны түрлі сынақтардан өткізу бөлімдері бір-бірімен логикалық байланысып жазылған.	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыны талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	Сыны талдау бар. Ізденуші ұсынған шешімдері дәлелденген, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, өз пікірімен және отандық, алыс, жақын шет мемлекет ғалымдарының сілтемелеріне негізделген.	
5.	<p>Фылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>	<p>Толығымен жаңа. Қазақстан Республикасында алғаш рет молекулалық биология мен гендік инженерияның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, ірі қара туберкулезіне қарсы жаңа векторлық вакцина өндіріліп, сынақтан өткізілді. Жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижесінде ірі қара мал туберкулезінің алдын алғатын жаңа бұын препараты жасалды.</p> <p>Толығымен жаңа. Диссертациялық жұмыс нәтижесінде кері генетика әдісін пайдалана отырып, <i>M. bovis</i> Esat-6 және TB10.4 акуыздарын экспрессиялайтын рекомбинантты тұмау вирусының штаммдары құрастырылды. Тауық</p>

		<p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінara жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>эмбриондарында рекомбинантты штаммдарды өсіру шарттары оңтайландырылды. Тұмай векторы негізінде туберкулезге қарсы векторлық вакцинаны өндіру технологиясы әзірленді және әзірленген вакцинаның қауіпсіздігіне, иммуногенділігіне және физикалық-биологиялық көрсеткіштеріне мекемеішілік комиссиялық сынаптар жүргізілді. Осыған орай, корытындылар толыктай жаңа деп тануға болады.</p> <p>Толығымен жаңа. Микобактериялық гендерді тасымалдаушы векторды құру арқылы рекомбинантты құс тұмаяу вирусының негізінде ірі қара мал туберкулезіне қарсы отандық векторлық вакцинаны әзірлеу технологиясын жасау – диссертациялық жұмыстың технологиялық тұргыдан жаңа шешімі ретінде қарастыруға болады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар гылыми тұргыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (көзітатив ресеч) және опер және гуманитарлық гылымдар бойынша лајарлық бағыттары үшін).	Диссертанттың алған қорытындылары гылыми тұргыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Оған 2021-2023 жылдар аралығындағы альынган гылыми есептер, нормативті техникалық құжаттама, мекемеішілік комиссиялық сынаптар хаттамасы, пайдалы модельге альынған 2 патент дәлел болды.
7.	Қорғауга шыгарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді мі?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p>	<p>Диссертациялық жұмысты қорғауга З ереже шыгарылған:</p> <p>1. Құс тұмаяу вирусын вектор ретінде пайдаланатын ірі қара малдың туберкулезіне қарсы векторлық вакцина ауруды алдын алудың тиімді адісі болып табылады.</p> <p>2. Ирі қара мал туберкулезіне қарсы векторлық вакцина алуға әзірленген технология оңтайлы болып табылады. Әзірленген технология бойынша вакцина сапасы бойынша YC 405-1919-04 ДП-146-2023 үйім стандартына сәйкес келеді.</p> <p>3. Құс тұмаяу вирусы негізінде ірі қара малдың туберкулезіне қарсы векторлық вакцина зертханалық жануарларда қауіпсіз, протективті қасиетке ие және иммунитетті қамтамасыз етеді, бұл институтішілік сынап әтижелерімен расталады.</p>

		<p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенин тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Қорғауга шығарылған ережелері 2 қорғау құжатымен (пайдалы модельге патент), зертханалық және өндірістік аprobациялармен дәлелденген және тривиалды емес, жаңа. Қолдану деңгейі кең. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны камтамасыз ету комитеті ұсынған рецензияланатын шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда 1 мақалада және Web of Science дереккорында квартилі Q1 және Q2 және тисінше Scopus базасында CiteScore бойынша проценттілі 89 және 59 бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда 2 мақалада дәлелденген. Ғылыми ізденіс нәтижелерін келешекте, елімізде ірі қара майдың туберкулезі бойынша індettік жағдайды жақсартуға, яғни эпизоотологиялық бірліктерде індettі дауалау немесе одан сауықтыру шараларын ұйымдастыру кезінде қолдану мүмкіндігі бар.</p>
8.	Дәйектілік қагидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Ия. Әдіснаманы таңдауы негізделген және диссертациялық жұмыстарғы зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді. Әдіснама ғылыми жұмыста нақты жазылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жок.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Ия. Диссертант диссертация жұмыстарының нәтижелерін компьютерлік технологияны, статистикалық бағдарламаларды қолдана отырып, заманауи молекулалық-генетикалық әдістер мен интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алған.
		1) ия;	
		2) жок.	

	<p>8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жок.</p>	<p>Ия. Диссертациялық жұмыстың корытындылары, жұмыстың міндеттерін орындау барысында алынған нәтижелерден туындауды және эксперименттік зерттеулемен дәлелденген. Атап айтсақ, әзірленген вакцинаның қажетті қасиеттері мен қауіпсіздігі, моделдік зертханалық жануарларда апробациялау және нысаналы жануарларда мекемесішлік комиссиялық сынақтар нәтижелерімен расталған.</p>	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер отандық, алыс және жақын шет ел ғалымдарының ғылыми әдебиеттеріне, ғылыми зерттеу жарияланым дереккөздеріне сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдалған нәтижелер мен корытындылардың шынайылық дәрежесін диссертацияның мазмұнынан көруге болады.</p>	
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Әдеби шолуга пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті берілген. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік ендектерге шолу жасалынып, негізге алынған. Пайдаланған әдебиеттер тізімі диссертацияның теориялық та, әдістемелік те негізін жүйелеге толық мүмкіндік береді.</p>	
9	<p>Практикалық құндылық қағидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар; 2) жок.</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар, себебі жұмыс ғылыми тұргыдан дәлелді орындалып, әдебиеттердегі пікірлермен толықтырылады, ал алынған нәтижелерін ветеринариялық иммунология, вирусология, эпидемиология пандері бойынша оку үдерісінде, колдану мүмкіндігі бар.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жок.</p>	<p>Ия. Диссертацияның практикалық маңызы зор, себебі, ірі кара малдың туберкулезін арнағы дауалауга арналған препаратты ұсыну, ол, туберкулезді алдын алуға, індектеке қарсы шаралардың тиімділігін арттыруға және ірі кара мал туберкулезі бойынша індектік жағдайды жақсартуға мүмкіндік беруі тиіс.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p>	<p>Толығымен жаңа.</p>

		<p>1) толығымен жана;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	Ізденушінің ұсынып отырган практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы - жоғары. Жұмыс, академиялық еңбектің стильдік талаптарына сай, техникалық рәсімдеу нормаларын сақтай отырып жазылған еңбек болып табылады. Диссертациялық жұмыста тақырып бойынша отандық, шет ел галымдарының зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне талдау жүргізілген. Фылыми зерттеу жұмыс нәтижелері негізінде корытынды жасалған.</p>
11.	Диссертацияга ескертулер		<p>Диссертациялық жұмысты жазу барысында бірқатар ескертулер бар, атап айтқанда:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Диссертациялық жұмыстың мәтінінде (15, 16, 24, 25, 28, 29, 33, 38, 60, 63, 64, 66, 69, 76, 80, 81, 85, 88, 92, 97, 102 ж.т.б. беттерде) грамматикалық, орфографиялық, стилистикалық, техникалық қателіктер бар;</li> <li>- Кейбір арнайы терминдар («туберкулез ауру», «вакцинация», «орган», «процедура», «культура», «модификация», «группа», «участок», «режим», «беттік антиген» т.с.с.) қазақ тіліне дұрыс аударылмаған;</li> <li>- Кейбір сөз тіркестерінде бір ізділік жоқ. Мысалы, бірнеше жерде ірі қара малдың орнына «қар мал» деп жазылған, ал қара малға сиыр, қой, ешкі де жатады;</li> <li>- Бірқатар кестелерде (9, 11-17) сандық көрсеткіштерге статистикалық өндөу жүргізіп дәлділік коэффициенттерін көрсету керек еді;</li> <li>- Қазақстан Республикасы бойынша туберкулездің эпизоотологиясы мен індептік жағдайына (салыстырмалы-тарихи сипаттама, салыстырмалы-географиялық сипаттама, кеңістік-уақыттық талдау) сипаттама беру керек еді;</li> <li>- Қазақстан Республикасында адамдар мен жануарлардың туберкулезімен күресу бойынша атқарылып жаткан шаралар талданбаган;</li> </ul>

		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Тұрақтандыруыш ортаны таңдау және вакцинаның онтайлықұрамын жасау кезінде тұрақтандыруыш ортаның 3 нұсқасының құрамын қалай анықтадыныз?</li> <li>- Ізденуші Қазақстан Республикасы аумагында ИКМ туберкулезін жоюға ықпал ететін вакцина ұсынып отыр, бірақ осы індет бойынша еліміздегі індектік жағдайға сипаттама берілмеген;</li> <li>- Диссертациялық жұмыстың 3.5.2 тарауында ірі қара малға арналған векторлық вакцинаның иммундық дозасы 1; 2; 4 және 5 мл көлемінде 2 рет енгізіледі деп көрсетілген, мұнда препараттың көлемі емес оның иммундық дозасы (<math>ID 50/cm^3</math>) қанаша екенін көрсету керек еді.</li> </ul> <p>Дегенмен бұл ескертүлер мен кемшіліктер, ғылыми жұмыстың нағыжелеріне және еңбектің құндылығына әсерін тигізбейді.</p>
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда реєстриреценттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр макаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	<p>Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары, атап айқанда, және Web of Science және Scopus базаларында жарияланған мақалалар бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Safety and Protective Efficacy of a Candidate Vector-Based Vaccine for Bovine Tuberculosis». Vaccines (Basel). 2023 Jul 4;11(7):1199. doi: 10.3390/vaccines11071199. Web of Science базасында квартилі – Q1, CiteScore рейтингі бойынша проценттілі – 89), ірі қара мал туберкулезіне қарсы вакцинаға үміткердің қауіпсіздігі мен қорғаныс тиімділігін зерттеу нағыжелері ұсынылған;</li> <li>- «Phylogenetic analysis of prospective M. bovis antigens with the aim of developing candidate vaccines for bovine tuberculosis». J Genet Eng Biotechnol. 2023 Oct 12;21(1):99. doi: 10.1186/s43141-023-00552-3. Web of Science базасында квартилі – Q2, CiteScore рейтингі бойынша проценттілі – 59). Бұл мақалада M. bovis Esat-6 және TB10.4 еki негізгі иммунодоминантты ақуыздардың ірі қара мал туберкулезіне қарсы векторлық вакцина жасау үшін пайдалану мүмкіндіктері көрсетілген, ғылым үшін жаңашылдық бары сөзсіз.</li> </ul>

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)	<p>Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Фылым және жогары білім министрлігінің Фылым және жогары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарында жарияланған 1 макала да тақырыпка сойкес жазылған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Оптимизация условий культивирования рекомбинантных вирусов гриппа, экспрессирующих иммунодоминантные белки M. Bovis1. Евразийский журнал прикладной биотехнологии, 2023, (1), 74–82. <a href="https://doi.org/10.11134/btp.1.2023.7">https://doi.org/10.11134/btp.1.2023.7</a>. Макалада M. bovis иммунодоминантты микобактериялық ақуыздарды экспрессиялайтын рекомбинантты тұмай вирустарын есіру жағдайлары көрсетілген және алынған нәтижелерінің ғылыми-практикалық маңыздылығы орасан зор.</li> </ul> <p>Абай Жандос Сайлаубекұлына «8D05110 – Вирусология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.</p>

**Ресми рецензент:**

«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»  
КеАҚ, «Ветеринариялық санитария»  
кафедрасының профессоры, ветеринария ғылымдарының докторы

C.K. Абдрахманов

С.К. Абдрахмановтың қолын растаймын.  
«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»  
КеАҚ ғылым хатшысы

Күні: «05» қаңтар 2025 жыл



Г.М. Дерипсалдина